

А 2005

590 4

Дулат
ИСАБЕКОВ



Дулат ИСАБЕКОВ

**БЕС ТОМДЫҚ
ШЫҒАРМАЛАР
ЖИНАҒЫ**

5-ТОМ




**АЛМАТЫ
2003**

Басылымның жалпы
редакциясын басқарғандар
М.Құлкенов
Ж.Құлиев

Исабеков Д.

Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. Пьесалар. Алматы:
"Өлке", 2003, 360 бет.



ISBN 9965-599-79-3

© Исабеков Д., 2003

Пьесалар



ЕСКЕРТКІШ ОПЕРАЦИЯСЫ

Екі бөлімді комедия

ҚАТЫСУШЫЛАР:

Әштен Желдібаев – сантехник
Жанайдаров – аудан әкімі
Есіркенов – Аудан әкімінің орынбасары
Сатанов – облыс әкімі
Нұсқаушылар: бір қыз, бір жігіт
Құрмаш – аудармашы
Мистер Чарлтон ағылшын
Миссис Чарлтон делегациясының
Мистер Конрад мүшелері
Күләй – Әштеннің әйелі
Салахов мүсіншілер
Машанов

БІРІНШІ БӨЛІМ

Ауданның мәдениет сарайында көңілді сәт. Мұнда төрт-бес қыз билеп жүр.

Би аяқтала бергенде бір шеттен аудан әкімінің орынбасары Есіркепов шығады.

ЕСІРКЕПОВ: Болды! Би тоқтатылсын!

Музыка үзіліп биші қыздар тарап кетеді.

— Жолдастар... а-а, мырзалар екенсіздер ғой, кешіріңіздер. Аудан басшылығының ерекше шешіміне байланысты митингіні ашық деп жариялаймын. Сөз аудан әкімі Жанайдаров мырзаға беріледі.

ЖАНАЙДАРОВ: Мырзалар! Біз бүгін не үшін жиналып отырмыз? Жақында комбинаттың жүз жылдық тойы болмақ. Ол мерекені қалай қарсы алуымыз керек? Менде мынадай ұсыныс бар. Бұл аудан — ежелден малды аудан. Тіпті, революцияға дейін, бұл жердің аты малмен шыққан. Малы көп болған соң бұл арадан ет комбинаты салынған. Ет комбинаты болған соң тері илейтін комбинаттың қажеттілігі туған. Біз малды терісімен жемейміз ғой. Ал, комбинат, бірден салына қойған жоқ, алдымен тері илейтін шеберхана ашылды. Сол шеберхананың негізінде тері өңдеу өнеркәсібі салынып, еліміздің ең ірі комбинаты осылай туған. Біз комбинаттың жүз жылдығын атағанда, алғашқы тері илеушілерді де ұмытпауымыз керек. Осы комбинаттың іргетасын алғаш қалаған кім? Алғашқы шеберхананың иесі кім? Сол алғашқы тері илеушіні тауып алып, оған комбинат алдында ескерткіш қою керек.

ДАУЫС: Комбинаттың ашылғанының өзіне жүз жыл болыпты. Ол адам шеберхана ашқанда жиырмада болсын-

ак дейік. Содан бері ол тірі жүр дейсіз бе, қайдан табамыз?

ЖАНАЙДАРОВ: Шын іздеген адам табады! Табылмаса оның үрім-бұтақтарын іздеуіміз керек. Қарапайым еңбек адамына бас июіміз керек, мырзалар!

Сонымен, алғашқы тері илеушіге ескерткіш қоямыз дегендеріңіз қол көтеріңіздер.

Бәрі қол көтереді.

— Көпшілік дауыспен шешім қабылданды. Ендігі мәселе былай: Алматыға хат жазып, суретшілер одағымен байланыс жасау керек. Бізге ең жақсы деген екі мүсінші керек.

ДАУЫС: Ескерткішті қалай қоямыз? Түгел бойымен қоямыз ба, әлде кеудеден жоғары қоямыз ба?

ЖАНАЙДАРОВ: Артистер мен жазушыларға ескерткішті отырғызып та, тұрғызып та, жантайтып та қойып жатқан жоқпыз ба. Ал, еңбек адамына келгенде оның белінен төменгі жағын кесіп тастағанмыз ұят болар.

ДАУЫСТАР: Дұрыс! Орынды сөз! Қарапайым еңбек адамының денесін бөліп-жармайық.

ЖАНАЙДАРОВ: Сонымен, шешім бірауыздан қабылданды. Осымен митингі жабық. Енді Алматыдан суретшілерді күтеміз.

* * *

Жанайдаровтың кабинеті. Аудан әкімінің ішкі саясат жөніндегі орынбасары Есіркепов кіреді.

ЕСІРКЕПОВ: Сүйінші, Еркін Сүндетбаевич!

ЖАНАЙДАРОВ: Иә, айт қане!

ЕСІРКЕПОВ: Алматыдан көптен күткен мүсіншілер кеп, есік алдында қабылдау күтіп тұр.

ЖАНАЙДАРОВ: Жарайсың, Есіркепов! Сен келгелі ауданда ішкі саясат жұмысы жандана бастады. Кірсін, қане!

Кабинетке көздері шөлдің құдығындай, сақалдары қауғадай, бірі шашын өріп тастаған екі мүсінші кіріп келгенде Жанайдаров селк ете қалды.

Екі кісі қол алысып амандасады.

Танысады.

— Борис Салахов.

— Тимур Машанов.

– Жанайдаров.

ЖАНАЙДАРОВ: Бұрын... ім... мүсін салып па едіңіздер.

САЛАХОВ: Әрине. Колхоз, совхоз кеңселерін безендіргенбіз.

ЖАНАЙДАРОВ: Дұрыс! Не салдыңыздар?

МАШАНОВ: Тауық, түйе, сиыр, шошқа, есек... тағы тағылар.

ЖАНАЙДАРОВ: Ім-мм. Қаншаға?

САЛАХОВ: Бір тауық орта есеппен 50-60 доллар.

ЖАНАЙДАРОВ: Бір тауықтың суреті 50-60 доллар?

МАШАНОВ: Орта есеппен...

ЖАНАЙДАРОВ: Оу, ағайындар-ау, 50-60 долларға он тірі тауық сатып алуға болады ғой.

САЛАХОВ: Бұл – рухани байлық! Оны тек ақшамен бағалауға болмайды.

ЖАНАЙДАРОВ: Қымбат екен... дегенмен... рухани байлық...

ЕСІРКЕПОВ: Ал, адам қанша тұрады?

МАШАНОВ: Адамның бағасы мемлекеттік баға комитетінде бекітілген жоқ. Ол тегін. Бірақ, ол мүсінге айналғанда, әрине қымбат.

ЕСІРКЕПОВ: Орта есеппен?

САЛАХОВ: Егер ол жалпы адамдық емес, тек жергілікті мәні ғана бар болса оның мүсінін 50 мыңға жасауға келісуге болады. Тенге емес, бакс!

ЖАНАЙДАРОВ: Елу мың? Есіркепов, сізде таблетка жоқ па? *(Есіркепов оған таблетка береді. Жанайдаров оны тілінің астына салып есін жияды).*

ЖАНАЙДАРОВ: Бұл... бүкіл бар совхоздың бір жылдық табысы ғой.

ЕСІРКЕПОВ: Сәл төмендетуге болмай ма?

МАШАНОВ: Біз ең төменгі ставкасын сұрап тұрмыз.

ЖАНАЙДАРОВ: Ескерткіш... қап... қайдан ғана шешім қабылдай қойып ек... Тері илеуші... елу мың... келісеміз бе, Есіркепов?

ЕСІРКЕПОВ: Амал қанша, келісеміз. Халық біледі ғой.

ЖАНАЙДАРОВ: Халық! Одан бұрын облыс біледі ғой, облыс! *(Мүсіншілерге)* халық дейді ғой!.. Жарайды, келістік. Қанша уақытта бітіресіздер?

E:\.18.09.13\uraf-5+iduraf-4.tif_page 14 САЛАХОВ: Сіздерге қашан керек?

ЖАНАЙДАРОВ: (Есіркеповке) Бізге қашан керек еді?

ЕСІРКЕПОВ: Күзге. Жиырма төртінші қазанға. Комбинаттың жүз жылдығына! Соған дайын ете аласыздар ма?

МАШАНОВ: Түк емес!

САЛАХОВ: Запросто!

ЖАНАЙДАРОВ: Онда... келісім шарт жасауға кірісе беріңіздер.

МАШАНОВ: Бізде көркемдік тұрғыдан шешіп алатын біраз мәселелер бар. Мүсінді қалай жасау керек? Жай ғана жұмысшыны құя салу керек пе, әлде оған тері илетіп қою керек пе? Оның бет-пішінін ойдан шығарамыз ба, әлде осы өңірдің бір тірі адамын негізге аламыз ба? Алғашқы тері илеушінің бүгінгі ағайын-туыстарын қайдан іздеуге болады, олар қазір бар ма, жоқ па? Жалпы, алғашқы тері илеушінің аты-жөні кім? Ол қашан туылып, қашан өлген? Түр-түсі, мінез-құлқы қандай? Біз осы мәселені келісіп алуымыз керек.

ЖАНАЙДАРОВ: Оны Есіркепов жолдаспен шешіңіздер, бара беріңіздер.

Олар шығып кетеді.

* * *

Қалалық мәдениет сарайының бір бөлмесі. Мұнда мүсіншілердің шеберханасы орналасқан. Қабырғаның терезеге қарсы бетінде арық келген, тәпелтек бойлы бір адам Еділбай қойының терісін екі қолымен кере көтеріп, қимылсыз тұр. Екі мүсінші оған қарап жапатармағай эскиз жасап жатыр.

САЛАХОВ: Біз ғой екі ай бойы сені іздеп қаншама табанымыздан тоздық.

МАШАНОВ: Сөйтсек, бұл батырымыз дәл әкімшіліктің түбінде тұрып жатыр! Номері екінші үй басқармасында сантехник боп!

САЛАХОВ: Сенің атаң, яғни, Мелден Желдібаев Қазақстанда тері илеудің негізін қалады. Сипаттауына қарағанда атаң өзіңнен айнымайтын боп шықты. Өтірікті сықыртқан жоқсың ба?

ӘШТЕН: Бір сөз жанымнан шыққан жоқ. Бәрі әкемнің әңгімесі арқылы есте қалған.

МАШАНОВ: Біз мүсінді сенен көшіреміз. Демек, сен тарихта мәңгілік қалғалы тұрсың.

САЛАХОВ: Үй-үйдің подвалында қызыл арақ ішіп жүретін ешкімге белгісіз Әштен Желдібаев енді тарихта қалатын болды! Қолыңды төмен түсірме. Во, солай, жоғары көтеріп тұр. Жай тұрма, теріге сүйсіне, жігерлене қарап тұр. Міне, міне! Қимылдама!

Салахов стаканға қызыл арақ құйып, Әштенге ұсынады. Әштен қағып салып, қайтадан қақиып тұра қалады.

МАШАНОВ: Сен, Әштен Желдібаев, аудандағы ең беделді адамға айналдың. Бүкіл аудан қазір сенің атыңды біледі. "Болашақ мүсіннің түпнұсқасы" деп сені қатты құрметтейді.

САЛАХОВ: Ол-ол ма, кеше ауданның әкімі біздің көзімізше екі нұсқаушыға жарлық берді. Енді сен бұрынғыдай қызыл арақты өзің сатып ішпейсің. Мүсін сатып салынып біткенше бір бәлеге ұрынып қалмасын деп аудан әкімшілігі сенің үйіңе күніне бір бөтелке "Распутин" жеткізіп тұратын болды. Жұрт көзіне түспес үшін арақ саған "Сарыағаш" суының бөтелкесіне құйылып жеткізіліп тұрады. Көрдің бе, сен біздің арқамызда қандай беделге ие болдың. Бүйте берсең екі-үш жылдан соң Америка Құрама Штаттарының президенті боп кетесің, қымбатты менің сантехнигім! Айтшы, американдықтан кенет сені шақырып алып, Ақ үйге кіргізіп... "Бізге сен ғана президент бола аласың, отыр Әштен, басқар бізді" десе келісім берер ме едің?

ӘШТЕН: Несі бар. Ең оңайы — ел басқару. Келісер ем.

САЛАХОВ: Жарайсың, Әштен! Бізге сенің осындай нахалдығың ұнайды. Оң қолың төмен түсіп бара жатыр. Көтер "Таластан" тағы ішесің бе, президент мырза!

ӘШТЕН: Ақыры қарап тұрмын ғой, ішсем ішейін.

МАШАНОВ: Осындай ашық адамдарды ұнатам. Кел, бауырым, ескерткіштің түпнұсқасы. Сенімен стакан соғыстырғанға өз басым аса бақыттымын!

САЛАХОВ: Беделің арта берсін! *(олар ішіп алады).*

МАШАНОВ: Кеше сен арақ дүкеніне барғанда жұрт дүрлігіп, сені кезексіз жіберген жоқ па! Кезекте тұрған әйелдер саған қалай қиыла қарады десеңізші!

САЛАХОВ: О-ау, Әшеке, саған не болды? Теріні лақтырғаның не?

ӘШТЕН: Сендер мені мазақ қып тұрсындар. Қазір әкімге телефон соғам да, ескерткіштеріңе бір-ақ түкірем.

Екеуі жата кеп жабысады.

МАШАНОВ: Ойбай, Әшеке, садаған кетейін! Әкімге де барма, ескерткішке де түкірме. Егер өйтетін болсаң саған ата-бабанның әруағы разы болмайды. Қой, бір ашуыңды бер. Міне, мынадан бір тартып жіберейік, шаршадық қой. Сонан соң үшеуміз де демалайық.

ӘШТЕН: Жарайды, ата-бабаның әруағы үшін! *(қағып салады).*

САЛАХОВ: Әп-бәрекедді! Міне, әруақ сыйлап өскен адам осындай болады.

МАШАНОВ: Бүгін жаман жұмыс істеген жоқпыз. *(Қабырға жаққа қарап тұрған полотноны бері айналдырады. Онда қолына тері ұстап тұрған Әштеннің бейнесі салынған).*

— Дегенмен, атаңыз айналып келгенде өзіңізден айнымайтын боп шықты-ау!

ӘШТЕН: Көз көргендердің айтуынша ол маған сойып қаптағандай ұқсас болған деседі.

САЛАХОВ: Кешіріңіз, бәлкім, ол сізге емес, сіз оған ұқсас шығарсыз. Қанша дегенмен ол сізден үлкен ғой.

ӘШТЕН: Бәлкім, солай болса солай шығар.

Сырттан музыка естіледі.

— Бұл не музыка?

МАШАНОВ: Тері илеу комбинатының жүз жылдығына дайындық қой. Комбинаттың қыздары мен жігіттері жаңа би үйреніп жатыр.

ӘШТЕН: *(күлімден)* Би? Мен вальсті бала кезімнен жақсы көруші ем!..

Музыка күшейе түседі. Әштен музыка ырғағымен билей бастайды. Салахов пен Машанов түкке түсінбей қарап қалған.

Әштен әлгінде өзі лақтырып жіберген Еділбай қойының терісін алып айнала жөнеледі. Сол айналған бойы есікті ашып, сыртқа шығып кетеді.

САЛАХОВ: Айрылдық түпнұсқадан!

Екеуі Әштеннің соңынан атып шығады. Ол екеуі шығамын дегенше Әштен бүлдіріп те үлгіріпті.

Би билеп жүрген ақ көйлекті, талдырмаш әдемі қыздың шығына ол қой терісін жауып, ай-шайсыз оның белінен ұстап, биге тартады. Қыз шыңғырып, жұрт азан-қазан болды да қалды.

ӘШТЕН: Жаным, бикеш, мен сізді өмір бойы іздеп келдім. Сіздің алдыңызға аты аңызға айналған, ескерткіштің түпнұсқасы, Әштен Желдібаевтың өзі кеп биге шақырып тұр.

ҚЫЗ: Хулиган! Маскүнем! Құтқарыңдар!

Қыздың серігі боп билеп жүрген жігіт араға түседі.

ЖІГІТ: Ей, сен қайдан жүрген бұзақысың?

ӘШТЕН: Мен бұзақы емеспін, мен ескерткішпін, то есть, түпнұсқамын.

ЖІГІТ: Жігіттер! Мына адам жындыханадан шыққан болуы керек, сақ болыңыздар!

Қыздар жағы тым-тырақай қаша жөнеледі. Милиция машинасының сиренасы естіледі.

ӘШТЕН: Кім жындыханадан шыққан, мен бе? Көрсетейін мен саған жындыхананы!

Әштен жігітті көтеріп ала бергенде Салахов пен Машанов кеп араласып алып қалады.

МАШАНОВ: Жігіттер, айып етпеңіздер, қателік бізден болды. Қазір біз оны шеберханаға алып кетеміз. Әштен, кеттік! Өзімізге барып билейміз.

ӘШТЕН: Менің осында билегім келеді.

Екі милиция кіріп келеді.

САЛАХОВ: Құрттың Әштен! Іс насырға шапты.

МАШАНОВ: Енді әкімшілікке не дейміз? Қап!..

* * *

Милиция бөлмесі. Аға лейтенант пен старшина Әштенді орындыққа отырғызып, он бес тәулікке протокол дайындап жатыр.

СТАРШИНА: Аты-жөніңіз?

ӘШТЕН: Әштен Желдібаев.

— Кәсібіңіз?

— Сантехник. Номері екінші үй басқармасында.

E:\18.09.13\dulat 5+\dulat5++.tif_page 15

— ҰЛТЫҢЫЗ?

— Қазақ!

— Қазақ болмай құрып қал сен!

ӘШТЕН: Сіз... сіз мені оскорбляйт қ-қылмаңыз. Сіз... сіз... кіммен сөйлесіп тұрғаныңызды... біл... білесіз бе?

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ: Білем, білем! Сен Шыңғыс-хансың.

ӘШТЕН: Жоқ... мен... Шыңғыс-хан... емеспін. Мен...

СТАРШИНА: Жарайды, жарайды. Мына жерге қол қой.

ӘШТЕН: Не деп?

СТАРШИНА. Жасаған бұзықтығым рас деп.

ӘШТЕН: Мен... бұзықтық... жасаған жоқпын (*телефонға жақындайды*).

— Ә... Әкімшілікке телефон соғуға б-бола ма?

Аға лейтенант. Біріккен Ұлттар Ұйымына хабарласқыңыз келмей ме, Әштен мырза? Телефон соғыңыз. Олар сіздің звоногыңызды күтіп отыр!..

ӘШТЕН: Мен... мен шын айтып тұрмын.

Әштен құлап бара жатыр еді, оны старшина ұстап қалады.

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ: (*старшинаға*) Телефон соқсыншы, көрейік қызығын. Не айта қояр екен...

Әштен тәлтіректей басып, телефонға кеп, дискісін бұрай бастайды. Екінші милиция оған күлімдей қарап тұр.

ӘШТЕН: Алл... ло... Алл-ло. Әк... әкімшілік пе? Кез... кезекші ме? Мен... мен... Әш... Әштен!.. Әштенмін деймін. Желдібаев...? Иә, тап сол... ескерт... ескерткіштің түпнұсқасы... Мен... мені жапқалы жатыр. Иә, жапқалы! (*ол екі милицияға бұрылып*) Адрес... адрестеріңіз қалай?

СТАРШИНА: Аудандық милиция бөлімі, жұрттың бәрі біледі.

ӘШТЕН: (*трубкаға*) Аудандық милиция бөлімшесі... жұрт... жұрттың бәрі біледі. Жарайды.

Әштен трубканы орнына қойып, креслоға жайғасады.

— Енді... екеуіңе... оңай тимес!.. Қаңғыш кетесіңдер!

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ: Ей, сен шынымен әкімшіліктің кезекшісіне звондадың ба?

ӘШТЕН: Сендер жұрқа сенбей... үй-үйренгенсіңдер.

Қазір көресін... Ертең екеуіңнің аяқтарың ас... аспаннан келеді. Тапқан екенсіңдер мазақ қылатын адамды!...

Машинаның дүрілі естіліп, ішке әкімшіліктің кезекшісі кіреді. Ол ләм деместен екі милицияға докуменітін көрсетіп, Әштенді қолтығынан ұстап алып кетеді.

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ: Өң бе, түс пе? Бұл не ғаламат?

СТАРШИНА: *(жыламсырап)* Бүгін қайдан ғана кезекші бола қалып ем, сорлы басым! *(терезеге қарап)* "Мерседеске" отырып жатыр. Номері әкімшіліктің сериясы! Құрыдық!

АҒА ЛЕЙТЕНАНТ: Тәуекел, старшина, тәуекел, болар іс болды, енді пешенемізден көрейік.

* * *

Аудан әкімі Жанайдаровтың кабинеті. Мұнда жиналыс өтіп жатыр.

ЖАНАЙДАРОВ: Мырзалар! Жиырма төртінші қазанға ескерткіш дайын болмады. Облысқа хат жазып, республика күніне дайын болады деп уәде бердік. Ескерткіш оған да дайын болмады. Жаңа жыл деп ант беріп едік, ол сөзімізде де тұра алмадық. Облыс ашуға басып жатыр. Бір рет талқыға да түсіп шықтым.

Есіркепов мырза, қане, ескерткіш шын мәнінде қандай халде?

ЕСІРКЕПОВ: Дайын, Әкім мырза, бәрі дайын.

ЖАНАЙДАРОВ: Бәрі дайын болса оны неге комбинат алдына қоймаймыз?

ЕСІРКЕПОВ: Екі көзі мен бір құлағы ғана бітпей тұр.

ЖАНАЙДАРОВ: Екі көз бен бір құлақ қашан бітеді?

ЕСІРКЕПОВ: Бір жеті, әкім мырза.

ЖАНАЙДАРОВ *(күйіп кетіп)*: Айналайын-ау, екі көзін ойып, бір құлағын жапсыра салуға да бір жеті керек пе?

ЕСІРКЕПОВ: Творчество ғой бұл... асығыстық жарамайды.

ЖАНАЙДАРОВ: Әй, айналайын-ау, екі көзге ғана қарап тұрса мен-ақ ойып берейін, сол да қиын ба? Немесе, өзің-ақ оя сал!

ЕСІРКЕПОВ: Ол түпнұсқаға ұқсамаса болмайды ғой.

ЕСІРКЕПОВ: Әштен Желдібаев.

ЖАНАЙДАРОВ: Иә, Желдібаев. Соның көзін ою... то есть, соның бақырайған көзіне ұқсату қиын болып па? Немене, Желдібаевтың көзі бір теңіздей терең деп пе едіңдер? Немесе, құлағы елден ерекше құлақ па еді?

ЕСІРКЕПОВ: Жоқ, күрделі ештеңесі жоқ, тек...

ЖАНАЙДАРОВ: Немене, тек?

ЕСІРКЕПОВ: Тек... ол... "Сарыағаштың" суын ішіп, жатып алатын болды, ұйықтайды да жатады. Көзін ашпайды.

ЖАНАЙДАРОВ: Өмір бойы ашпай ма?

ЕСІРКЕПОВ: Бір жеті болды, көзін ашқан жоқ.

ЖАНАЙДАРОВ: Әй, ашпаса ашусыз кетсін. Әзірге құлағын сала тұрсаңдаршы. О бәле ұйықтағанда құлағын қалтасына салып жатпайтын шығар. Қап, екі көз, бір құлаққа бола!

Ойбай-ау, ана мүсіншілер Желдібаевтың көзін сала алмаса несіне мүсінші боп жүр. Бұған дейін оның көзін мың рет көрген жоқ па еді?

ЕСІРКЕПОВ: Көрді ғой, әрине...

ЖАНАЙДАРОВ: Көрсө бопты! Уақыт жоқ, бүгін барсын да бітірсін!

Телефон шырылдайды.

— Иә, Жанайдаров тыңдап тұр.

Оған телефон соғып тұрған облыстың әкімі еді. Жанайдаровтың әлгі керенаулығынан із де қалмады. Трубканың ішіне еніп кете жаздап жалпақтап шыға келді.

— Сәләматсыз ба, сәләматсыз ба, Тұрсын Сатанович!

Қалай, денсаулығыңыз, көңіл-күйіңіз жақсы ма?

Суық тиіп қалды дейсіз бе? Емделсеңізші! Ауырмаңыз. Сіз халыққа керек адамсыз. Сіз болмасаңыз облысымыз қараң қалады. Сізден басқа облысты басқара алатын адам әзірге жоқ... Иә, иә, шын сөзім!..

Не? Не дейсіз? Ескерткіш? Иә-иә! Ұмытқан жоқпын ғой. Ескерткіш... Ол... уже... Иә, уже тұр. Тұр. Кәдімгідей. Тура тері илейтін комбинаттың алдында. Жақсы... Өте жақсы.

Жұрт тамаша деп жатыр. Сіздерге хабар беріп үлгере алмадық. Неғыл дейсіз? Қонақтар?

Сіз де бірге келесіз бе? Ойбай-ау, о не дегеніңіз, әрине қуанамыз. Шетелден? Қай шетелден? Англиядан? Жақсы, жақсы, күтеміз... О құдай сақта...

Ар жақтағы адам трубканы қоя салғанда Жанайдаров сөзін бітіре алмай теңселіп қалады. Тек әлден соң барып есін жияды.

– Құдай ұрды деген осы! Бұлай болады деп кім ойлаған! Бұл ағылшындардың да жүрмейтін жері жоқ екен. Нелері бар екен десенізші жердің ана шетінен мына шетіне қаңғып! Отырмыз ғой осы Англия түгілі Алматыға бара алмай.

Ол орнынан тұрып, кабинет ішінде арлы-берлі сенделіп жүріп кетеді.

ЕСІРКЕПОВ: Тыныштық па?

ЖАНАЙДАРОВ: Қайдағы тыныштық! Сендердің салақтықтарың менің басымды жұтпаса болғаны! Есіттіндер ғой, ескерткіш дайын деп айта салдым. Екі көз бір құлаққа бола отырамыз ба? Ал, енді не істейміз? Англияның тері илеу заводының өкілдері келе жатыр. Облыстың әкімі де келмек. Олар бүгін кешке осында болады. Таңертең ескерткішті көрмек. Ал, қандай амал бар?

1-НҰСҚАУШЫ: Ескерткішті түнде біреу құлатып кетіпті десек...

ЖАНАЙДАРОВ: Ол далбаса, қылмыскерді тап десе кімді ұстап бермексің?

2-НҰСҚАУШЫ: Немесе, бір құлақпен-ақ тұра берсін. "Венера Милосская" да екі қолсыз тұр ғой.

ЖАНАЙДАРОВ: Ал, көзін қайтесің, көзін! Әлгі Венеран екі қолсыз тұрса тұра алады. Ал, тері илейтін адамның екі көзі болмаса ол теріні қалай илемек? Енді не істедік? Енді не амал бар?

1-НҰСҚАУШЫ: Мына бір жаңбырдың да бәле боп тұрғанын қарашы...

ЖАНАЙДАРОВ: Жаңбырдың бұл жерге қандай қатысы бар?

2-НҰСҚАУШЫ: Оның айтқалы тұрғаны... Жалпы, ағылшындар келе қалса ескерткішті он минут, әрі кетсе

жиырма минут көрер. Өзіміз де оларды асықтырамыз ғой. Тауға, экзотикаға алып кетерміз. Экзотика десе Европалықтар ішкен асын жерге қояды, "сарыағаштың" суын Әштен жарты жыл бойы босқа іше ме, қолына қой терісін ұстап жарты сағат өзі тұра қойсын. Одан Әштеннің түгі де кетпейді. Делегация кеткен соң тұғырдан секіріп түседі де үйіне бара қояды.

1-НҰСҚАУШЫ (күліп): Тіпті түспей-ақ сонда тұра берсе де оның бітпей жатқан ісі жоқ. Оның орнына тағы сондай бір сантехник тауып аламыз.

Жұрт сілтідей тынып қалады. Кейбіреулер күле бастайды.

ЖАНАЙДАРОВ: Мырзалар! Күлкіні қоя тұрыңдар! Қазір күлетін уақыт емес. Ал, тағы кімде қандай ұсыныс бар?

1-НҰСҚАУШЫ: Көп бас қатыратын ештеңе жоқ. Әлгі ұсынысты қабылдау керек. Одан басқа амал жоқ.

ЖАНАЙДАРОВ: Ал, осы ұсынысты қабылдадық дейік, сөйтіп, Әштенді тұғырға қоялық. Ағылшын тері илеушілерінің алдында ол бәле жөтеліп, не түшкіріп қойса не істейміз?

1-НҰСҚАУШЫ: Жөтелмейді.

2-НҰСҚАУШЫ: Түшкірмейді де.

1-НҰСҚАУШЫ: Жөтелдірмейміз де, түшкіртпейміз де.

ЖАНАЙДАРОВ: Қалай? Немене оның аузы мен мұрнын бітеп тастайсындар ма?

2-НҰСҚАУШЫ: Ол жағын бізге қоя беріңіз. Шетелдің алдында өз елімізді ұятқа қалдырмау үшін біз қолдан келгеннің бәрін істейміз.

* * *

Әштеннің үйі. Ол кереуетте шала мас боп жатыр. Бас жағындағы тумбада "Сарыағаштың" бөтелкесі. Соған қарағанда ішіп алған болуы керек. Әштеннің әйелі Күләй сөйлеп жүр.

КҮЛӘЙ: Ескерткішің құрысын бұйткен! Өзің де бұрын оңбай жүр ең, оған әкімшілік қосылып бәле болды ғой. Бұрын екі күнге бір бөтелке беруші еді, енді күніне бір

ӘШТЕН: Вальс! Қайран, вальс! Ақ көйлекті бикеш!.. Сен... сен мендік боласың!.. О, қайран вальс!

КҮЛӘЙ: Вальсте басың қалсын сенің! Ол қыз сенімен мұрнын да сұртпейді. Сен секілді маскүнем кімге керек?

ӘШТЕН: О, вальс! Я люблю вальс! Ақ көйлекті қыз, сен түбі менің мойныма өзің кеп асыласың!.. Мені... менімен ойнама! Мен екі милицияны жұмыссыз қаңғытып жіберген адаммын!

КҮЛӘЙ: Сандырақтама, балаларды оятасың! Олардың қыста киер киімі де, ішер тамақтары да жоқ, қара нанмен отырмыз. Сенің жатысың мынау... (*жыламсырайды*). Мені саған қосқан қай құдай екен!..

ӘШТЕН: О, ақ көйлекті бикеш!

КҮЛӘЙ: Әй, Әштен! Желдібаев! Көзінді аш! Пайдасы жоқ байдан қаш, панасы жоқ сайдан қаш деген. Мен бала-шағамды жиып алып, бұл үйден кетем. Сонан соң, маған десең, өзің ескерткіш боп қалғаныңша қақиып тұра бер.

Есік қағылады.

— Есік ашық, кіре бер!

Үйге ауданның нұсқаушысы кіріп келеді.

1-НҰСҚАУШЫ: Сәләматсыз ба жеңгей!

2-НҰСҚАУШЫ: Қайырлы кеш! О, Әшекең үйде екен ғой, жолымыз болады екен.

КҮЛӘЙ: (*күдікпен*). Сәләматсыздар... Жоғары шығыңыздар.

ӘШТЕН: О, ақ көйлекті бикеш!

КҮЛӘЙ: Түнеукүннен бері өстіп сандырақтайтынды шығарды. Оған көңіл аудармай-ақ қойыңыздар. Кешіріңіздер, сіздер кім боласыздар?

1-НҰСҚАУШЫ: Біз әкімшіліктің жауапты қызметкеріміз (*қалтасынан докуменрін суырады*).

КҮЛӘЙ: Керегі жоқ, сіздерге сенбей тұр дейсіздер ме? Япыр-ай, үй-іші айра-жайра боп жатыр еді. Мен қазір... дастархан жайып жіберейін...

2-НҰСҚАУШЫ: Әуре болмаңыз, жеңгей. Біз тығыз

шабуамен жүр едік. Егер рұқсат болса, біз Әштенмен оңаша сөйлесек деп едік.

КҮЛӘЙ: Жарайды, сөйлесіңіздер (*шыға беріп*). Егер сөйлессе алсаңыздар (*шығып кетеді*).

1-НҮСҚАУШЫ: Әшеке, оу Әшеке!

ӘШТЕН: О, Ақ көйлекті қыз!..

2-НҮСҚАУШЫ: Әштен Желдібаевич! Басыңызды көтеріңіз, сізге әкімшіліктен кісілер келіп тұр.

ӘШТЕН: Пошли вон!

1-НҮСҚАУШЫ: Әшеке, олай деменіз. Сізге әкімнің өзі сәлем айтып жатыр.

ӘШТЕН: Он тоже пошел кедренной матери!..

2-НҮСҚАУШЫ: (*зәресі қалмай*). О не дегеніңіз, Әштен Желдібаевич! Аудан басшысын әлгіндей жаман жерге жіберуге болмайды. Ол сізді милицияға тапсырады.

ӘШТЕН: Милиция?! Они давно пошли кедрене матери!.. Ойнамаңдар Желдібаевичпен.

1- НҮСҚАУШЫ: Сізбен ешкім ойнап тұрған жоқ. Біз әкімшіліктің шешімі бойынша келіп тұрмыз.

Әштен басын көтеріп, екеуіне үңіле қарайды.

ӘШТЕН: Әкім сені неге жіберді?

2-НҮСҚАУШЫ: Айналайын Әшеке, осылай да осылай. Табан астынан шетелден қонақтар келетін боп қалды.

ӘШТЕН: Келсе қайтем, келе берсін.

1- НҮСҚАУШЫ: Олар ескерткішті көруге келе жатыр.

ӘШТЕН: Көрсекөре берсін.

2-НҮСҚАУШЫ: Әлі бітпеген ескерткішті қалай көреді?

ӘШТЕН: Оны мен қайдан білейін?

1-НҮСҚАУШЫ: Әшеке, жеті атаңнан айналайын Әшеке, біздің бір өтінішімізді жерге тастама.

ӘШТЕН: Ол қандай өтініш?

2-НҮСҚАУШЫ: Біздің шешіміміз бойынша былай: Бізге Англиядан қонақтар келе жатыр. Олар ары кетсе ескерткішті жарты сағат көреді. Ал, ескерткіш әлі дайын емес, сондықтан, тұғырға сіз барып тұра тұрсаңыз...

ӘШТЕН: Не-ме-не?

1- НҮСҚАУШЫ: Әшеке, садаған кетейін, Әшеке! Бізде

бұдан басқа амал қалмай тұр. Шетелдіктердің алдында елімізді ұятқа қалдыра көрменіз.

ӘШТЕН: Басым ауырып тұр.

1- НҮСҚАУШЫ: Ол деген бізге түк емес. (қалтасынан "Сарыағаштың" бөтелкесіне құйылған арақ шығарады да, стаканға құяды). Тартып жіберіңіз!

Әштен тартып салады да, жұдырығын иіскеп, төсекке қайта құлайды.

ӘШТЕН: О, ақ көйлекті қыз!..

2- НҮСҚАУШЫ: Сіз сол ақ көйлекті қызды ұнатып қалдыңыз ба?

ӘШТЕН: Әрине!

1- НҮСҚАУШЫ: Одан қам жеменіз. Ол қызды сізге көндіріп береміз.

ӘШТЕН: Қашан?

1- НҮСҚАУШЫ: Қалаған уақытыңызда! Әкімшілік шешім қабылдаса ол қайда барады. Келеді де мойныңызға асылады.

ӘШТЕН: Р-ас па?

1- НҮСҚАУШЫ: Әкімшілік өтірік айтпайды.

ӘШТЕН: Көңдім ендеше! Жарты сағат емес, бір сағат тұруға келістім. Бірақ, естерінде болсын, бір сағаттан асса әкіміңе де, ақ көйлекті қызыңа да қарамаймын, тұғырдан секіріп түсем де үйіме кетем.

ЕКІ НҮСҚАУШЫ: (қосарланып). Ойбай, дегеніңіз болсын! Жарты сағаттан асса секіріп түсіріп жүре беріңіз. "Мұның қалай" десек мұрнымыз қисайып қалсын.

2- НҮСҚАУШЫ: Байқа, облыстың әкімі де болады.

ӘШТЕН: Е, болса қайтейін. Әкім болса өзіне әкім! Осы кезге дейін бір ескерткішті қойғыза алмай тірі адамды әурелеген оның басшылығының керегі не?

1- НҮСҚАУШЫ: Ойбай, көкетай, олай деме! Ол кісі бұл жағдайды білмейді.

ӘШТЕН: Ах! Жаным ақ көйлекті қыз!.. Сен үшін бәріне көндім, сұлу бикеш!

2- НҮСҚАУШЫ: Рахмет, саған Әштен!.. Желдібаевич! Аудан басшысының айтқанын екі етпегенің үшін саған алғыс жариялаймыз.

1- НҮСҚАУШЫ: Күндердің күнінде өзіңе де ескерткіш қоямыз.

ӨШТЕН: Ах, вальс! Ақ көйлекті бикеш!..

Екі нұсқаушы бір-біріне қарап, күлімсірейді. Сұқ саусағымен біреуі шекесін шұқиды.

* * *

Қонақ үйдің үлкен залы. Бәлкім, бұл Жанайдаровтың бұрынғы кабинеті болуы да мүмкін. Ағылшын делегациясын қабылдау жүріп жатыр. Делегация алдында облыстың әкімі Сатанов сөйлеп тұр. Бізге таныс аудан басшылары да, осында.

САТАНОВ: Құрметті мырзалар! Англиядан келген құрметті қонақтар! Біздің елде мәдениет пен өнерге ерекше көңіл бөлінеді. Үкімет басшылары жыл сайын мәдениет пен өнердің мәселесін қарап, оған көп қаржы бөліп отырады.

Біздің өлкені аралайтын үш күннің ішінде еңбекшілердің тұрмысымен, олардың тіршілігімен танысасыздар. Бас аяғы төрт-бес жылдың ішінде біздің халық адам айтса нанғысыз табыстарға қол жеткізіп отыр. Нарықтық экономика мен жаппай жекешелендіру өз жемісін беріп, адамдардың әлауқаты көт... көтеріліп келеді.

МИСТЕР ЧАРЛТОН: Бізде, 1995 жылғы мәлімет бойынша ең аз жалақы алатын адамның табысы жылына 17 мың фунт-стерлинг. Оған екі машина сатып алуға болады, Сіздерде қанша?

САТАНОВ: Біздің ел еңбекті ақшамен өлшемейді. Бізде еңбек рухани қажеттілік боп табылады. Бірінші орында еңбекақы емес, еңбекке деген ықылас тұрады.

МИССИС ЧАРЛТОН: Бірақ, жұмысшы тамақ ішіп, киім киіп, машина мініп, вилла сатып алуы керек қой. Оны немен алады?

САТАНОВ: Әрине, ақшамен алады!..

МИССИС ЧАРЛТОН: Сіздерде жалақы бір жыл бойы берілмейді екен, олар машинаны қалай алады?

САТАНОВ: Біздің адамдар әлі ақша ұстай білмейді. Қолдарына ақша түссе тез жаратып қояды. Сондықтан, біз оларға жалақыларын жинап-жинап, жылына бір-ақ рет береміз. Өсімімен.

МИССИС ЧАРЛТОН: Олар ақшаны неге ұстай білмейді?

САТАНОВ: Олар социализмнің инерциясынан әлі шыға алмай жатыр. Бала сияқты — көзіне көрінген нәрсені ала береді. Сондықтан оларға ақшаларын жинап-жинап бір-ақ берген тиімді.

МИССИС ЧАРЛТОН: Бұл — жаңалық екен. Біз де ойланып көрерміз.

САТАНОВ: Сонымен бірге, біздің облыста орыс, қазақ, ұйғыр, кәріс, неміс, беларус, украин, шешен, күрд, түрік, сыған, негр тағы басқа 120 ұлттың өкілдері бір анадан туғандай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Былтырғы жылы Ресейге көшіп кеткен 120 орыс семьясын қайта көшіріп әкелдік. Ұлы достықтың белгісі ретінде біздің комбинат былтырғы жылы қой, ешкі, сиыр, жылқы, шошқа еттерін біріктіріп "Достық" деп аталатын колбаса шығарды. Бүгін кешке сіздер сол колбасаны жеп көресіздер.

МИССИС ЧАРЛТОН: О-о! Фантастика!..

САТАНОВ: Иә, біздің өміріміздің өзі фантастика!

ЕСІРКЕПОВ: Мырзалар, қосымша хабарлама тыңдаңыздар. Біздің бағдарламамызда аздап өзгеріс болғалы тұр. Тері илеушіге қойылған ескерткішті протоколда көрсетілгендей ертең күндіз емес, бүгін түнде, кешкі тамақтан соң көруге тура кеп тұр. Өйткені, ертең күндіз таудағы шабандар ауылын аралап, ат жарысын тамашалаймыз. Ағылшын достардың атқұмар екенін жақсы білгендіктен біздер бұл жарысты сіздерге арнап әдейі өткізгелі отырмыз.

АҒЫЛШЫНДАР: О-о! Ғажап! Фантастика!

ЕСІРКЕПОВ: Ал, ескерткіштің жан-жақты түсірілген фотосуретін сіздерге әрқайсыларыңызға альбом етіп береміз. Ешкімге белгісіз тері илеушіге ескерткіш дүниежүзінде бірінші рет бізде ғана қойылып отыр.

МИССИС ЧАРЛТОН: Біз Қазақстан жеріне кеп түскелі үлкен меймандостық құшағына ендік. Біз, ағылшындар бұл құрметке үлкен рахмет айтамыз. Біздер сіздердің қарапайым еңбек адамына деген зор ықыластырыңызға қатты сүйсініп отырмыз.

САТАНОВ: Сонымен, жарты сағаттан соң қонақ үйдің банкет залында кешкі тамақ. Тамақтан соң ескерткішті тамашалаймыз.

Ағылшындар тарай бастайды.

САТАНОВ: Есіркепов! Бағдарламаны неге бұзасыз?

ЕСІРКЕПОВ: Себебін жаңа айттым ғой, шопандар тойына барып келуге үлгіре алмайтын түріміз бар. Әрі... өзіңіз білесіз, біздің қалада шетелдік қонақтарға беретін жөнді тамақ та жоқ.

САТАНОВ: Өзің мақтанып жүретін "Достық" деген колбасаң қайда?

ЕСІРКЕПОВ: Ағылшындардың алдына колбаса ғана қойғанымыз жарамас.

САТАНОВ: Мұндай жауапты кезде әрбір ұсақ-түйек нәрсеге дейін әуелі келісіп алу керек.

ЕСІРКЕПОВ: Жағдай солай боп тұр, Тұрсын Сатанович, сізге ескерте алмай қалдым.

САТАНОВ: Байқа, бәріне басыңмен жауап бересің!

ЕСІРКЕПОВ: Құп болады! *(нұсқаушыларға, оңаша)*. Әштенге тура қазір барыңдар. Бағдарламаға өзгеріс енгізбесек болмайды. Ағылшындар ескерткішті түнде көргені жөн, күндіз оның тірі адам екенін байқап қалуы мүмкін. Әрі, сәті түсіп, қар аралас жаңбыр да жауа бастады. Барыңдар!

ЕКІ НҰСҚАУШЫ: Құп болады!

Олар асығыс басып шығып кетеді.

ЕСІРКЕПОВ: Құдай сақтай гөр, бір бәлеге душар болмасам игі еді...

САТАНОВ: Есіркепов, неге құдайға жалбарынып тұрсыз? Сіз материалистсіз ғой.

ЕСІРКЕПОВ: Материалистке де құдай керек екен, Тұрсын Сатанович! Бұрын мұндай жауапты қонақ қабылдап көрмегендіктен шығар, абыроймен бітсе екен деп тұрғаным ғой.

САТАНОВ: Оныңыз өте орынды! Біз шетелдіктерге жаманымызды жасырып, жақсымызды асырып көрсете білуіміз керек, сонда ғана бізге шетелдік инвесторлар көптеп келе бастайды. Ал, кеттік!

ЕСІРКЕПОВ: Жүріңіз.

Олар шығып кетеді.

* * *

Әштеннің үйі. Әштен мен әйелі тамақ ішіп отыр. Үйге екі нұсқаушы сау етіп кіріп келеді.